

Жамбыл ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 қарашадағы № 25-124 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 2 желтоқсанда № 6191-05 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2026 жылғы 6 қаңтардағы № 44-198 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 06.01.2026 № 44-198 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Жамбыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жамбыл ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшері 4 %(пайыздан) 2 % (пайызға) дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім 2025 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Председатель маслихата

М. Амиргалиев